Кәсіпорындағы логистикалық жүйе - бұл басқару үдерістерін дамыту мен ұйымдастыруға бағытталған, басқарылатын нысанды құрайтын күрделі үдерістердің тиімді өтуін оңтайландыруға арналған басқару жүйесі. Бұл жүйе өзара тығыз байланысты көптеген элементтерден тұрады, мысалы: тасымалдау, сақтау, тарату, сондай-ақ қорларды және ақпарат ағындарын басқару. Бұл элементтердің барлығы бүкіл жүйенің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін өзара үнемі әрекеттесіп, үйлесімді жұмыс істеу қажет. Фармацевтикалық өндіріс логистикалық үдерістердің нақты әрі дұрыс ұйымдастырылуын талап етеді, себебі бұл дәрілік заттардың үздіксіз жеткізілуін, сақталуын және таратылуын қамтамасыз етеді. Жеткізілімнің кешігуі, шикізат тапшылығы, температуралық режимнің бұзылуы немесе тасымалдау ақаулары секілді мәселелер елеулі қаржылық шығындарға және өнім сапасының стандарттарға сай келмеуіне алып келуі мүмкін. Мұндай жағдайлар компанияның беделіне және бәсекеге қабілеттілігіне теріс әсер етеді [1, 2, 3].

Цифрландыру, жаһандану және импортты алмастыру жағдайында логистикалық жүйелерді жаңғырту ерекше маңызға ие болып отыр. Бұл жаңғырту жеткізу тізбегінің ашықтығын, болжау дәлдігін және тұрақтылығын арттыруға бағытталған. Өндірістік және жабдықтау бөлімдерінің арасындағы өзара әрекеттестіктің жеткіліксіздігі, автоматтандыру деңгейінің төмендігі, сондай-ақ бырыңғай цифрлық платформаның болмауы фармацевтикалық кәсіпорынның жалпы тиімділігін төмендетеді [4, 5]. Сондықтан заманауи логистикалық басқару әдістері мен цифрлық шешімдерді енгізу – өзекті әрі қажетті міндет болып табылады.

Зерттеу мақсаты:

Шымкент қаласындағы фармацевтикалық кәсіпорындардағы логистикалық басқарудың қазіргі жағдайын талдау.


Зерттеу материалдары мен әдістері:

Зерттеу әдіснамасы кешенді тәсілге негізделген. Ол социологиялық зерттеу әдістерін, фармацевтикалық кәсіпорындардың басқару жүйесіне жүргізілген SWOT-талдауды, бизнес-үдерістерді талдауды, жүйелі тәсіл әдістерін, сондай-ақ социологиялық сауалнама барысында алынған сараптамалық бағалауды қамтиды.

Нәтижелер мен талқылау

Шымкент қаласындағы фармацевтикалық кәсіпорындарды социологиялық зерттеулер жүргізілді. Зерттеу нысандары ретінде келесі өндірістік фармацевтикалық компаниялар таңдалды:

ЖШС,
фито»
«Апи-
ЖШС.



«Эко-фарм»
«Зерде-
ЖШС, және
Фарм»


Дәстүрлі түрде сауалнама нәтижелері әрбір блок бойынша талданды. Бірінші блоктың сұрақтары кәсіпорындағы логистикалық жүйе мамандарының қазіргі бейнесін сипаттауға мүмкіндік берді. Зерттеу нәтижесіне сәйкес, логистика саласында жұмыс істейтін қазметкерлердің басым бөлігі – ер адамдар (60%), жастары 30-35 жас аралығында. Олардың 70%-ы жоғары техникалық білімге, ал тек 30%-ы фармацевтикалық білімге ие.

Логистикалық үдерістерді ұйымдастыру және басқарумен негізінен менеджерлер (40%) және логистер (50%) айналысады. Дәл осы мамандар саладағы негізгі проблемалармен бетпе-бет келіп, жеткізушілер мен тасымалдаушылармен өзара әрекеттесуді үйлестірді және жеткізу мен қойма есебін оңтайландыруға жауапты. Ал логистикалық үдерістердің үйлестірушілері бар болған 10%-ды құрайды, бұл фармацевтикалық кәсіпорындарда мұндай лауазымдардың аз екенін көрсетуі мүмкін (1-сурет).

Сурет 1. Ұйымдағы лауазымдық бөлініс

Екінші блоктағы сұрақтарға берілген жауаптарды талдау фармацевтикалық кәсіпорындардың ұйымдық құрылымы мен логистика бөлімдерінің жұмысын ұйымдастыру ерекшеліктері туралы ақпарат алуға мүмкіндік берді.

Сауалнама барысында әрбір қатысушы өз кәсіпорнының құрамына кіретін бөлімшелерді атап өтті. Жиналған мәліметтер Шымкент қаласындағы фармацевтикалық өндіріс орындарының ұйымдық құрылымының жинақталған үлгісін жасауға мүмкіндік берді. Нәтижесінде негізгі құрылымдық бөлімшелердің келесідей үлестірілімі қалыптасты (2-сурет):



Сурет 2. Ұйымдық құрылымның сызбасы

Сауалнама барысында респонденттердің нақты қай бөлімдерде жұмыс істейтіні жайлы қосымша ақпарат алынды. Жауаптардың талдауы көрсеткендей, қатысушылардың 40%-ы

логистика бөлімінде, ал қалған 60%-ы жабдықтау және логистика біріктірілген бөлімінде еңбек етеді.

Мұндай нәтижелер кездейсоқ емес, себебі көптеген фармацевтикалық кәсіпорындарда жабдықтау мен логистикалық қызметтер тығыз байланысты жұмыс істейді және жиі бір құрылым аясында біріктіріледі. Бұл тәсіл шикізатты іздестіру және сатып алудан бастап, оны өндіріске жеткізу, сақтау және дайын өнімді тасымалдауға дейінгі барлық кезеңдерді қамтитын толассыз логистикалық тізбекті қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Сауалнамадағы маңызды сұрақтардың бірі-логистикалық үдерістердің ұйымдастырылу деңгейін 5 балдық жүйемен бағалау болды (5-өте жақсы, 1-өте нашар). Бұл сұрақ бойынша алынған орташа баға 3,32 болды құрады (1-кесте).

Кесте 1. Кәсіпорын қызметкерлері тарапынан логистиканы ұйымдастыру деңгейіне берілген бағалау нәтижелері

№	Бағалау деңгейі	Пайыздық үлесі (%)
1	5	2
2	4	38
3	3	52
4	2	6
5	1	2
орта ша	3,32	100

Бұл қызметкерлердің жалпы алғанда өз кәсіпорындарындағы логистиканы қанағаттанарлық деңгейде бағалайтынын көрсетеді. Олар белгілі бір оң тұстарын атап өтсе де, кейбір кемшіліктер мен жақсарту қажеттіліктерін де байқайды.

Респонденттердің 38%-ы «4» бағасын қойған, бұл логистикалық үдерістердің базалық деңгейде жақсы ұйымдастырылғанын білдіреді: бөлімшелер арасында өзара әрекеттесудің нақты схемалары қалыптасқан, негізгі жеткізу арналары жұмыс істейді және белгілі бір дәрежеде автоматтандыру қолданылады. Дегенмен, кейбір қатысушылар пікірінше, логистиканың тиімділігі әлі де толық жетілмеген. Бұл техникалық қиындықтармен, бағдарламалық қамтамасыз етудің кемшіліктерімен, кейбір қызметкерлердің кәсіби біліктілігінің жеткіліксіздігімен немесе жеткізушілер мен тасымалдаушы компаниялармен жұмыс істеуде кейбір осал тұстармен байланысты болуы мүмкін.

Фармацевтикалық кәсіпорын қызметкерлері тарапынан логистиканы бағалау нәтижелері «3» деген бағаны қойған 52% респонденттердің пікірі логистикалық жүйеде жүйелі мәселелер бар екенін көрсетеді-бөлімдер арасындағы әлсіз үйлестіру, нақты регламенттердің болмауы немесе жеткізілім сапасы мен мерзімдеріндегі қиындықтар.

Мұндай баға кейбір кәсіпорындарда логистика мәселелі аймақ ретінде құрастырылатынын және басшылық тарапынан назар аударуды, сондай-ақ оңтайландыру бойынша белсенді шараларды талап ететінін көрсетеді.

Ең жоғары баға («5») тек 2% респонденттер тарапынан қойылған, бұл логистиканы ұйымдастыруда шешілмеген бірқатар мәселелер бар екенін айқындайды. Бұл-ағымдағы үдерістерді тереңірек талдау, әлсіз тұстарды анықтау және оларды жоюға бағытталған нақты қадамдарды әзірлеу қажеттігін білдіретін маңызды белгі.

Жалпы алғанда, фармацевтикалық кәсіпорын қызметкерлеріне жүргізілген социологиялық сауалнама логистика саласындағы негізгі проблемаларды анықтады: интеграцияланған басқару жүйесінің болмауы, қорларды қолмен есепке алу, жеткізілімдердің кешігуі және жабдықтау, қойма мен өндіріс бөлімдері арасындағы өзара іс-қимылдың жеткіліксіздігі. Сонымен қатар, логистика саласындағы білікті мамандардың тапшылығы мен талдаулық құралдардың әлсіз пайдаланылуы да атап өтілді. Шешім ретінде ERP-жүйелерді енгізу, штрих-кодтар мен RFID арқылы қойма есепке алу үдерістерін автоматтандыру, температуралық режимдерді цифрлық бақылау және жеткізу маршруттарын оңтайландыру ұсынылды. Енгізудің экономикалық бағасы логистикалық шығындарды 15%-ға төмендетіп, логистикалық цикл уақытын 20%-ға қысқартатынын көрсетті. Автоматтандыру деңгейінің артуы түгендеу дәлдігін жақсартып, мерзімі өткен өнім көлемін азайтуға мүмкіндік берді.

Қорытынды: Фармацевтикалық өндірістегі логистикалық басқару жүйесін жетілдіру-саланың тиімді жұмыс істеуі, бәсекелестік қабілетін арттыру және тұрақты дамуы үшін маңызды бағыт болып табылады. Цифрлық технологиялары, соның ішінде ERP-жүйелерді, қоймалық процестерді автоматтандыруды және аналитикалық платформаларды енгізу арқылы айтарлықтай экономикалық және ұйымдастырушылық пайдаға қол жеткізуге болады. Логистикалық жобаларды табысты жүзеге асыру үшін жүйелі жоспарлау, қызметкерлерді даярлау және компания басшылығы тарапынан тұрақты қолдау қажет. Осы зерттеу нәтижелері Қазақстан мен ТМД елдеріндегі фармацевтикалық кәсіпорындарда логистикалық басқару саласын жетілдіруге арналған әдістемелік ұсыныстар мен даму стратегияларын әзірлеу кезінде пайдалы бола алады.

Әдебиеттер тізімдер

1. Ивашкова В.Н. Логистика фармацевтических предприятий. — М.: ГЭОТАР-Медиа, 2021.

2. Котова Л.Г. Современные подходы к логистике в фармацевтической отрасли // Фармацевтический журнал. — 2022. — №3.
3. Гусев А.В. ERP-системы в управлении логистикой. — СПб.: Питер, 2020.
4. ISO 9001:2015. Quality Management Systems — Requirements.
5. Porter M. Competitive Advantage: Creating and Sustaining Superior Performance. — NY: Free Press, 2004.

УДК-659.15

Ахмадьяр Н.С., Лензатова А.А., Рахимова К.А., Сайранов Е.Ж., Тасбау С.Б.

НАО “Медицинский университет Астана”. Кафедра Клинической фармакологии, г.
Астана, Республика Казахстан

ОЦЕНКА СООТВЕТСТВИЯ РЕКЛАМНЫХ МАТЕРИАЛОВ ЛЕКАРСТВЕННЫХ ПРЕПАРАТОВ ЗАКОНУ О РЕКЛАМЕ

Аннотация

Настоящее исследование посвящено анализу соответствия рекламных материалов (буклетов) лекарственных препаратов Закону Республики Казахстан «О рекламе». Методология работы включала оценку 40 случайно отобранных материалов, распространяемых в аптеках для населения.

Ключевые слова: *реклама лекарственных препаратов, оценка соответствия, нормативные требования, закон о рекламе.*

Akhmadyar N.S., Lenzatova A.A., Rakhimova K.A., Sayranov E.Zh., Tasbau S.B.

NJC “Astana Medical University”. Department of Clinical Pharmacology, Astana, Republic
of Kazakhstan

ASSESSMENT OF COMPLIANCE OF PHARMACEUTICAL ADVERTISING MATERIALS WITH THE LAW ON ADVERTISING

Abstract

This study is devoted to the analysis of compliance of advertising materials (booklets) of medicines with the Law of the Republic of Kazakhstan "On Advertising". The methodology of the

work included an assessment of 40 randomly selected materials distributed in pharmacies to the public.

Keywords: advertising of medicines, conformity assessment, regulatory requirements, law on advertising.

Ахмадьяр Н.С., Лензатова А. А., Рахимова К. А., Сайранов Е. Ж., Тасбау С. Б.

"Астана медицина университеті" КеАҚ, Клиникалық фармакология кафедрасы, Астана қ., Қазақстан Республикасы

ЖАРНАМАЛЫҚ МАТЕРИАЛДАРДЫҢ ДӘРІЛІК ЗАТТАРДЫҢ ЖАРНАМА ТУРАЛЫ ЗАҢҒА СӘЙКЕСТІГІН БАҒАЛАУ

Аңдатпа

Осы зерттеу дәрілік препараттардың жарнамалық материалдарының (буклеттерінің) "Жарнама туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкестігін талдауға арналған. Жұмыс әдістемесі дәріханаларда халыққа таратылатын кездейсоқ таңдалған 40 материалды бағалауды қамтыды.

Түйін сөздер: дәрілік заттарды жарнамалау, сәйкестікті бағалау, нормативтік талаптар, Жарнама туралы заң.

Осы зерттеу Қазақстан Республикасының «Жарнама туралы» Заңына дәрілік препараттардың жарнамалық материалдарының (буклеттерінің) сәйкестігін талдауға арналған. Жұмыс әдістемесі дәріханаларда халық арасында таратылатын кездейсоқ таңдалған 40 материалдарды бағалауда нейгізделген.

Түйінді сөздер: дәрілі препараттардың жарнамасы, талаптарға сәйкестігі, нормативтік талаптар, жарнама туралы заң.

This study is dedicated to the analysis of the compliance of drug advertising materials (leaflets) with the Law of the Republic of Kazakhstan "On Advertising". The methodology included the assessment of 40 randomly selected materials distributed in pharmacies to the public.

Keywords: drug advertising, conformity assessment, regulatory requirements, advertising law

В медицинской практике рекламные материалы (флаеры) играют важную роль в информировании медицинских работников и населения. Однако содержание флаеров регламентировано законом, чтобы гарантировать достоверность и этичность предоставляемой информации.

Цель нашей работы оценить степень соответствия рекламных материалов Закону о рекламе.

Задачей было выявление несоответствия к требованиям Закона и провести их анализ.

Настоящее исследование направлено на анализ рекламных флаеров лекарственных препаратов, представленных на рынке Республики Казахстан. В ходе анализа случайным образом были отобраны 40 рекламных материалов (буклетов), распространяемых в аптеках для населения. Нами была проведена оценка их соответствия установленным критериям, достоверности и полноты представленной информации. Оценивание проводили согласно Закону о рекламе [<https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021872>].

На оснований требований мы составили шкалу оценки (рисунок 1), состоящую из 8 критериев, каждый из которых оценивался от 0-2 баллов. Критерии были следующими: идентификация (АТХ, МНН, торговое наименование, регистрационный номер), полнота данных о дозировках и показаниях, противопоказания и побочные эффекты, наличие доказательной базы (ссылки, источники), отсутствие преувеличений/ вводящих в заблуждения заявлений, баланс «польза/риск», отсутствие неподобающих стимулов для врачей (подарки, оплата), соответствие целевой аудитории и национальному регулированию. Максимальное количество баллов по итогам оценки составило 16 баллов.

По уровню соответствия рекламные материалы распределились следующим образом:

-соответствовали требованиям на $\geq 80\%$ и могли распространяться на территории РК – рекламные материалы 8 препаратов (20%), а именно рекламные буклеты препаратов: «Дюфалак», «Антибакт», «Сумамед форте», «Лекадол», «Амбро», «Альмагель», «Ливазо», «Ротадон».

-частично соответствовали требованиям в интервале от 60% до 80% и нуждались в коррекции перед публикацией и распространением рекламного материала среди людей -20 препаратов (47,5%), среди них рекламные материалы препаратов: «Бронхо-Мунал», «Линекс форте», «Агриппин», «Этализин», «Корипрен», «Ренгалин», «Тексаред», «АЦЦ», «Тромбопол Нео», «Структум», «Полисорб», «Этодин форте», «Занидип-рекордати», «Адаптол», «Элтромбопаг», «Лоратал», «Глиц», «Гепамак плюс», «Урсосан», «Тамифлю».

- существенно не соответствовали, а именно менее чем на 60% и не должны были распространяться в массы на территории РК – 12 буклетов (30%), следующих препаратов: «Ангисепт», «Гепа-Мерц», «Офтолик», «Пробиотик GOLD», «Декатилен», «Цетрин», «Тардиферон», «Гинкоум», «Проспан», «Эссенциал форте», «Нема-plex».

Дополнительно была проведена оценка соответствия рекламных материалов по восьми ключевым критериям. Средние баллы (максимально возможный балл - 2) распределились следующим образом:

- идентификация препарата (АТХ, МНН, регистрационный №) - один из рекламных материалов препарата Ангисепт не имел ни одного пункта идентификации. 5 препаратов не имели регистрационного номера;

- полнота представления данных о показаниях и дозировке - рекламный материал, принадлежащий препаратам «Детралекс» и «Гинкоум» не имели никакой информации о показаниях и дозировках. 10 препаратов имели не полную информацию о показаниях и дозировке;

- наличие информации о противопоказаниях и побочных эффектах - рекламные материалы 4 лекарственных средств (Тексаред, Офтолик, Гинкоум, Нема-plex) не имели информации о противопоказаниях и побочных эффектах;

- наличие доказательной базы (указание источников, ссылок на клинические исследования) - информация о доказательной базе отсутствует в 15 рекламных материалах лекарственных средства;

- отсутствие преувеличений и вводящей в заблуждение информации – у 4 из них были замечены преувеличения, вводящие в заблуждение;

- баланс между представлением пользы и потенциальных рисков препарата - в двух рекламных буклетов описана лишь польза, в 23 акцент на пользе, в то время как риски описаны незначительно, в трех из них риски по сравнению с пользой описаны мелким шрифтом;

- отсутствие неподобающих стимулов, побуждающих врача к выбору препарата - представители 12 препаратов предлагали врачам небольшие подарки и поощрения.

- соответствие материалов целевой аудитории и требованиям национального регулирования - рекламные материалы препаратов Пробиотик GOLD и Нема-Plex не соответствовали целевой аудитории и требованиям национального регулирования;

Таким образом, подавляющее большинство материалов (57,5%) не соответствовали даже половине предъявляемых требований, что свидетельствует о низком уровне качества информационного сопровождения лекарственных средств в рекламных источниках.

Проведенный анализ рекламных материалов лекарственных препаратов выявил низкий уровень соответствия установленным нормативным требованиям, только 20% материалов соответствовали критериям более чем на 80% и могли быть допущены к распространению.

Наиболее часто выполняемым требованием оказалось отсутствие неподобающих стимулов для медицинских работников (84%), тогда как наименее соблюдаемым - наличие доказательной базы с указанием ссылок на источники (34%).

Список литературы:

1. Приказ Министра здравоохранения Республики Казахстан от 20 декабря 2020 года № ҚР ДСМ-288/2020. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2000021872>

ОӘК 615.012.1:635.72

Елеусіз И., Аязкан А., Шертаева К.Д., Шмирова Ж.К., Жанбырбаева А.Д.,

Джабаркулова С.К., Мамытбаева К.Ж., Алимова М.Н., Утегенова Г.И.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ, фармация ісін ұйымдастыру және басқару кафедрасы, Шымкент қ. Қазақстан

ҚАЗАҚСТАН ФАРМАЦЕВТИКАЛЫҚ НАРЫҒЫН КАРДИОПРОТЕКТОРЛІК ӘСЕРІ БАР ФИТОПРЕПАРАТТАРДЫ ТАЛДАУ

Аңдатпа

Бұл мақала Қазақстандағы фармацевтикалық нарықтағы кардиопротекторлік әсері бар фитопрепараттардың қазіргі жағдайы талданады. Фитопрепараттардың жүрек-қантамыр жүйесіне әсер ету механизмі, олардың тиімділігі мен қауіпсіздігі қарастырылады. Сондай-ақ, отандық және шетелдік өндірістегі табиғи препараттардың нарықтағы үлесі мен даму перспективалары зерттеледі.

Түйін сөздер: *Фармацевтикалық нарық, фитопрепараттар, кардиопротекторлік әсер, жүрек-қантамыр жүйесі, табиғи дәрілік заттар, фитотерапия, тиімділік, қауіпсіздік, отандық өндіріс, шетелдік препараттар, өсімдік тектес дәрілер, биологиялық белсенді қосылыстар.*

Елеусіз И., Аязкан А., Шертаева К. Д., Шмирова Ж. К., Жанбырбаева А. Д.,

Джабаркулова С. К., Мамытбаева К. Ж., Алимова М. Н., Утегенова Г. И.

АО «Южно-Казахстанская медицинская академия», кафедра организации и управления фармацевтического дела, г. Шымкент Республика Казахстан

АНАЛИЗ ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОГО РЫНКА КАЗАХСТАНА В ОТНОШЕНИИ ФИТОПРЕПАРАТОВ С КАРДИОПРОТЕКТОРНЫМ ЭФФЕКТОМ

Аннотация

В данной статье анализируется текущее состояние фитопрепаратов с кардиопротекторным эффектом на фармацевтическом рынке Казахстана. Рассматривается механизм их воздействия на сердечно-сосудистую систему, а также эффективность и безопасность. Кроме того, исследуется доля отечественных и зарубежных натуральных препаратов на рынке и перспективы их развития.

Ключевые слова: Фармацевтический рынок, фитопрепараты, кардиопротекторный эффект, сердечно-сосудистая система, натуральные лекарственные средства, фитотерапия, эффективность, безопасность, отечественное производство, зарубежные препараты, растительные лекарственные средства, биологически активные соединения.

Eleusiz I., Ayazkan A., Shertayeva K. D., Shimirova Zh. K., Zhanbyrbaeva A.D.,

Dzhabarkulova S. K., Mamytbayeva K. Zh., Alimova M. N., Utegenova G. I.

South Kazakhstan Medical Academy, Department of organization and management of Pharmacy,
Shymkent, Republic of Kazakhstan

ANALYSIS OF THE PHARMACEUTICAL MARKET IN KAZAKHSTAN REGARDING PHYTOPREPARATIONS WITH CARDIOPROTECTIVE EFFECTS

Abstract

This article analyzes the current state of herbal medicines with cardio protective effects in the pharmaceutical market of Kazakhstan. The mechanism of action of herbal preparations on the cardiovascular system, their effectiveness, and safety are considered. Additionally, the market share and development prospects of domestic and foreign natural medicines are examined.

Key words: Pharmaceutical market, herbal medicines, cardio protective effect, cardiovascular system, natural medicinal products, phytotherapy, efficacy, safety, domestic production, foreign drugs, plant-based medicines, biologically active compounds.

Тақырыптың өзектілігі

Қазақстанда жүрек-қантамыр аурулары өлім-жітімнің негізгі себептерінің бірі болып табылады. Дәстүрлі синтетикалық дәрілермен қатар, табиғи өсімдік тектес препараттарға деген қызығушылық артып келеді. Мақалада кардиопротекторлік әсері бар

фитопрепараттарды талдауды зерттеу барысында фитопрепараттардың жанама әсерінің аздығы, қолжетімділігі және емдік әсерінің кешенділігі оларды заманауи медицинада маңызды екендігі белгілі. Сондықтан, Қазақстанның фармацевтикалық нарығындағы кардиопротекторлік әсері бар фитопрепараттарды зерттеу – өзекті мәселе болып тұр.

Мақсаты

Қазақстан фармацевтикалық нарығындағы кардиопротекторлік әсері бар фитопрепараттардың ассортиментін, тиімділігін және даму перспективаларын талдау.

Міндеттері

1. Қазақстан нарығында қолжетімді кардиопротекторлік фитопрепараттарды анықтау.
2. Олардың жүрек-қан тамыр жүйесіне әсер ету механизмдерін зерттеу.
3. Фитопрепараттардың тиімділігі мен қауіпсіздігін бағалау.
4. Отандық және импорттық өнімдердің нарықтағы үлесін талдау.
5. Кардиопротекторлік фитопрепараттарды одан әрі дамытудың мүмкіндіктерін қарастыру.

Маркетингтік зерттеу барысында біз келесі өсімдіктерді алдық: арония, өрік, женьшень, сарсапарилья, шалфей, лаванда. Зерттеу мақсатына сәйкес маркетингтік талдау әдісі ретінде әлеуметтік зерттеулер жүргізілді. Шымкент қаласындағы «Мурат-Фарм» дәріханасында арония, өрік, женьшень, сарсапарилья, шалфей, лаванда өсімдіктеріне негізделген фитопрепараттарға қатысты жүргізілген сауалнама нәтижелерін талдау арқылы тұтынушылардың арония өнімдеріне деген сұранысын, пайдаланушылардың пікірлері мен дәріхана қызметінің сапасын бағалауға мүмкіндік береді.

Сауалнама мақсаты: фитопрепараттардың тұтынушылар арасында қалай қабылданғанын, олардың тиімділігі туралы пікірлерін және бұл өнімдерге деген сұраныс деңгейін зерттеу.

Сауалнама әдісі: Сауалнама «Мурат- Фарм» дәріханасында жүзеге асырылды, оған дәріханаға жиі келетін және арония, өрік, женьшень негізіндегі өнімдерді қолданатын тұтынушылар қатысты. Сауалнама сұрақтары көбінесе арония өсімдігінің тиімділігі, бағасы, жанама әсерлері мен жалпы тұтынушының қанағаттанушылығы туралы болды.

Сауалнама сұрақтары:

1. Арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья өсімдіктері туралы білесіз бе? Иә, Жоқ.
2. Сіз арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья негізіндегі препараттарды қандай мақсатта пайдаланасыз? Жүрек-қан тамырлары ауруларын алдын алу, қан қысымын реттеу, жалпы ағзаның иммунитетін арттыру, басқа (қысқаша сипаттама).

3. Арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья негізіндегі препараттарды қаншалықты жиі қолданасыз? Күнделікті, аптасына бірнеше рет, айына бір рет, сирек.

4. Осы аталған өнімдердің бағасы сіз үшін қолжетімді ме? Иә, қолжетімді, Жоқ, тым қымбат.

5. Арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья препараттарының әсері туралы пікіріңіз қандай? Өте тиімді, жақсы, бірақ әсері баяу байқалады, әсері болмады, жанама әсерлер болды.

6. Сіз арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья негізіндегі препараттарды қайдан сатып аласыз? Дәріханадан, интернеттен, басқа (қысқаша сипаттама).

7. Көрсетілген өсімдіктердің өнімдерін пайдалану арқылы қандай оң нәтижелерді байқадыңыз? Қан қысымының төмендеуі, жалпы денсаулықтың жақсаруы, энергия мен күш-қуаттың артуы, басқа (қысқаша сипаттама).

8. Сіз осы өсімдіктер негізіндегі өнімді достарыңызға немесе туыстарыңызға ұсынар ма едіңіз? Иә, ұсынар едім, жоқ, ұсынбаймын.

Сауалнама нәтижелері: Сауалнама нәтижелерін жинақтағанда келесі негізгі қорытындыларды шығаруға болады:

Арония, өрік, женьшень, лаванда, шалфей, сарсапарилья өсімдіктері туралы білімі: 85-90% респондент денсаулыққа пайдасы туралы білетінін айтты, ал 15% ешқашан естімегенін немесе түсінік болмағанын көрсетті.

Препараттардың қолдану мақсаты: Көпшілік 50-67% осы өсімдіктер негізіндегі препараттарды жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу үшін қолданатынын көрсетті, 15-33% респондент препаратты қолданудың басқа мақсаттарын атап өтті, мысалы, жалпы иммунитетті арттыру немесе қан қысымын реттеу.

Қолдану жиілігі: 40-65% тұтынушы арония өнімдерін күнделікті қолданатынын білдірді, 45-65% респондент аптасына бірнеше рет пайдаланатынын көрсетті, ал қалғандары сирек қолданатынын айтты.

Бағаның қолжетімділігі: 60-75% тұтынушылар арония өнімдерінің бағасын қолжетімді деп бағалады, алайда 25-30% үшін баға тым қымбат болды.

Өнімнің тиімділігі: 50-60% респондент арония өнімдерін қолданғаннан кейін оның өте тиімді екенін айтты, 30% респондент өнімнің жақсы әсері бар, бірақ баяу байқалатынын айтты, 15-5% респондент жанама әсерлердің болғанын және әсерінің болмағанын атап өтті.

Сатып алу орны: 80-95% тұтынушы арония өнімдерін дәріханалардан сатып алатынын көрсетті, 5-20% респондент интернет арқылы тапсырыс бергенін айтты.

Оң нәтижелер: 45-65% респондент арония негізіндегі препараттарды қолданғаннан кейін денсаулықтың жақсарғанын және энергияның артуын байқаған, 25-35% респондент қан қысымының төмендегенін және 15-20% жалпы денсаулығын жақсартқанын айтты.

Ұсыныс: 70-85% тұтынушы арония өнімдерін достарына немесе туыстарына ұсынар еді, 15-30% респондент бұл өнімдерді ұсынбайтынын айтты, көбінесе өнімнің әсері туралы толық сенімсіздіктері

Арония өсімдігі бойынша сауалнама



барболғандықтан.

Сауалнама нәтижелері:

Сауалнама нәтижелерін жинақтағанда келесі негізгі қорытындыларды шығаруға болады:

1. Лаванда өсімдігі туралы білімі:

80% респондент лаванда өсімдігінің денсаулыққа пайдасы туралы білетінін айтты, ал 20% ешқашан естімегенін немесе түсінік болмағанын көрсетті.

2. Препаратты қолдану мақсаты:

50% респондент лаванда негізіндегі препараттарды стрессті азайту үшін қолданатынын айтты.

30% респондент ұйқыны жақсарту үшін пайдаланатынын көрсетті.

15% респондент жалпы ағзаның релаксациясын арттыру үшін қолданатынын айтты.

5% респондент басқа мақсаттар үшін қолданатынын атап өтті.

3. Қолдану жиілігі:

55% тұтынушы лаванда өнімдерін күнделікті қолданатынын білдірді.

45% респондент аптасына бірнеше рет пайдаланатынын көрсетті, ал қалғандары сирек қолданатынын айтты.

4. Бағаның қолжетімділігі:

75% тұтынушылар лаванда өнімдерінің бағасын қолжетімді деп бағалады, алайда 25% үшін баға тым қымбат болды.

5. Өнімнің тиімділігі:

60% респондент лаванда өнімдерін қолданғаннан кейін оның өте тиімді екенін айтты.

30% респондент өнімнің жақсы әсері бар, бірақ баяу байқалатынын айтты.

10% респондент жанама әсерлердің болғанын және әсерінің болмағанын атап өтті.

6. Сатып алу орны:

85% тұтынушы лаванда өнімдерін дәріханалардан сатып алатынын көрсетті.

15% респондент интернет арқылы тапсырыс бергенін айтты.

7. Оң нәтижелер:


65% респондент лаванда негізіндегі препараттарды қолданғаннан кейін стресстің төмендегенін және жалпы денсаулықтың жақсарғанын байқаған.

35% респондент ұйқының жақсарғанын байқағанын және 15% респондент жалпы ағзаның релаксациясын байқағанын айтты.

8. Ұсыныс:

80% тұтынушы лаванда өнімдерін достарына немесе туыстарына ұсынар еді.

20% респондент бұл өнімдерді ұсынбайтынын айтты, көбінесе өнімнің әсері туралы толық сенімсіздіктері бар болғандықтан.



Сауалнама нәтижелері:

Сауалнама нәтижелерін жинақтағанда келесі негізгі қорытындыларды шығаруға болады:

1. Женьшень өсімдігі туралы білімі:

90% респондент женьшеньнің денсаулыққа пайдасы туралы білетінін айтты, ал 10% ешқашан естімегенін немесе түсінік болмағанын көрсетті.

2. Препаратты қолдану мақсаты:

50% респондент женьшень негізіндегі препараттарды энергия мен күш-қуатты арттыру үшін қолданатынын айтты.

30% респондент жүйке жүйесін нығайту үшін пайдаланатынын көрсетті.

20% респондент жалпы ағзаның иммунитетін арттыру үшін қолданатынын айтты.

3. Қолдану жиілігі:

65% тұтынушы женьшень өнімдерін күнделікті қолданатынын білдірді.

35% респондент аптасына бірнеше рет пайдаланатынын көрсетті, ал қалғандары сирек қолданатынын айтты.

4. Бағаның қолжетімділігі:

75% тұтынушылар женьшень өнімдерінің бағасын қолжетімді деп бағалады, алайда 25% үшін баға тым қымбат болды.

5. Өнімнің тиімділігі:

55% респондент женьшень өнімдерін қолданғаннан кейін оның өте тиімді екенін айтты.

30% респондент өнімнің жақсы әсері бар, бірақ баяу байқалатынын айтты.

15% респондент жанама әсерлердің болғанын және әсерінің болмағанын атап өтті.

6. Сатып алу орны:

80% тұтынушы женьшень өнімдерін дәріханалардан сатып алатынын көрсетті.

20% респондент интернет арқылы тапсырыс бергенін айтты.

7. Оң нәтижелер:

50% респондент женьшень негізіндегі препараттарды қолданғаннан кейін энергияның артуын байқаған.

45% респондент жүйке жүйесінің тұрақталғанын байқағанын және 5% жалпы денсаулықтың жақсарғанын айтты.

8. Ұсыныс:

85% тұтынушы женьшень өнімдерін достарына немесе туыстарына ұсынар еді.

15% респондент бұл өнімдерді ұсынбайтынын айтты, көбінесе өнімнің әсері туралы толық сенімсіздіктері бар болғандықтан.



Сауалнама нәтижелері:

Сауалнама нәтижелерін жинақтағанда келесі негізгі қорытындыларды шығаруға болады:

1. Өрік өсімдігі туралы білімі:

- 85% респондент өрік өсімдігінің денсаулыққа пайдасы туралы білетінін айтты, ал 15% ешқашан естімегенін немесе түсінік болмағанын көрсетті.

2. Препаратты қолдану мақсаты:

- 60% респондент өрік негізіндегі препараттарды жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алу үшін қолданатынын айтты.

- 25% респондент препаратты жалпы иммунитетті нығайту үшін пайдаланатынын көрсетті.

- 15% респондент препаратты қан қысымын реттеу үшін қолданатынын айтты.

3. Қолдану жиілігі:

- 40% тұтынушы өрік өнімдерін күнделікті қолданатынын білдірді.

- 60% респондент аптасына бірнеше рет пайдаланатынын көрсетті, ал қалғандары сирек қолданатынын айтты.

4. Бағаның қолжетімділігі:

- 70% тұтынушылар өрік өнімдерінің бағасын қолжетімді деп бағалады, алайда 30% үшін баға тым қымбат болды.

5. Өнімнің тиімділігі:

- 60% респондент өрік өнімдерін қолданғаннан кейін оның өте тиімді екенін айтты.

- 30% респондент өнімнің жақсы әсері бар, бірақ баяу байқалатынын айтты.

- 10% респондент жанама әсерлердің болғанын және әсерінің болмағанын атап өтті.

6. Сатып алу орны:

- 95% тұтынушы өрік өнімдерін дәріханалардан сатып алатынын көрсетті.

- 5% респондент интернет арқылы тапсырыс бергенін айтты.

7. Оң нәтижелер:



- 35% респондент өрік негізіндегі препараттарды қолданғаннан кейін денсаулықтың жақсарғанын байқаған.

- 45% респондент жүрек-қан тамырлары ауруларының алдын алғанын және 20% қан қысымының төмендегенін айтты.

8. Ұсыныс:

- 80% тұтынушы өрік өнімдерін достарына немесе туыстарына ұсынар еді.

- 20% респондент бұл өнімдерді ұсынбайтынын айтты, көбінесе өнімнің әсері туралы толық сенімсіздіктері бар болғандықтан.



Сауалнама нәтижелері бойынша:

Жалпы сауалнама нәтижелері көрсеткендей, әр өсімдік негізіндегі фитопрепараттардың тұтынушылар арасында қабылдануы мен сұранысы әртүрлі, алайда бірнеше ортақ тенденциялар анықталды:

1. Өсімдіктердің танымалдығы мен пайдалану мақсаты:

- Барлық өсімдіктер (арония, лаванда, өрік, сарсапарилья) туралы респонденттердің көпшілігі денсаулыққа пайдасы туралы біледі.

- Арония мен өрік негізіндегі өнімдер жүрек-қан тамырлары ауруларын алдын алу және қан қысымын реттеу мақсатында жиі қолданылады.

- Лаванда негізіндегі өнімдер көбінесе стрессті азайту және ұйқыны жақсарту мақсатында пайдаланылады.

- Сарсапарилья негізіндегі өнімдер қан айналымын жақсарту және тері ауруларын емдеу мақсатында қолданылады.

2. Қолдану жиілігі:

- Көптеген тұтынушылар өнімдерді **күнделікті** немесе **аптасына бірнеше рет** пайдаланады, бұл өсімдіктердің денсаулыққа оң әсерінің тұрақты болуын көрсетеді.

3. Бағасының қолжетімділігі:

- Көптеген респонденттер үшін өнімдердің бағасы қолжетімді болып табылса да, аздаған тұтынушылар өнімнің бағасын тым қымбат деп санайды.

4. Өнімдердің тиімділігі:

- Тұтынушылардың көпшілігі өнімдердің өте тиімді екенін айтады. Бірақ кейбір респонденттер әсерінің баяу байқалатындығын немесе жанама әсерлердің болуы мүмкіндігін атап өтті.

5. Сатып алу орны:

- Респонденттердің басым бөлігі өнімдерді **дәріханадан** сатып алуды қалайды. Тек кейбір тұтынушылар интернет арқылы тапсырыс бергендерін айтты.

6. Оң нәтижелер:

- Көптеген тұтынушылар өнімдерді қолданғаннан кейін **денсаулықтың жақсарғанын, энергияның артуын** немесе **стрестің төмендеуін** байқағанын атап өтті.

7. Ұсыныс:

- Көптеген тұтынушылар арония, лаванда, өрік және сарсапарилья негізіндегі өнімдерді **достарына** немесе **туыстарына ұсынуға дайын** екенін айтты, бұл өнімдердің тиімділігіне деген жалпы сенімділікті білдіреді.

Қорытынды:

• Тұтынушылардың сауалнама нәтижелері негізінде өсімдіктер негізіндегі фитопрепараттар денсаулықты жақсарту, иммунитетті нығайту және жалпы ағзаның жағдайын жақсарту үшін тиімді құралдар ретінде қабылданады.

• Баға жағынан, өсімдіктердің бағасы жалпы қолжетімді болып табылады, бірақ кейбір тұтынушылар үшін қымбат болып көрінеді.

• Өнімдер әртүрлі мақсаттарда қолданылады, бірақ олардың тиімділігі мен әсері көбінесе оң бағаланды. Тұтынушылар көбіне бұл өнімдерді кеңес ретінде туыстарына немесе достарына ұсынуға дайын екендерін білдірді.

Бұл сауалнама фитопрепараттар нарығының әлеуетін көрсету арқылы, дәріханалардың өз тұтынушыларына ұсыныс жасай отырып, өнімдерінің танымалдылығын арттыруға мүмкіндік береді.

Әдебиеттер тізімі:

7. Шертаева, К. Д. Фармацевтикалық маркетинг [Электронный ресурс]: оқулық / К. Д. Шертаева, К. Ж. Мамытбаева ; ҚР денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі. ОҚМА-2016Ж
8. Блинова, О. В. Фармацевтический менеджмент [Электронный ресурс]: учебник / О. В. Блинова; М-во здравоохранения РК; ЮКМА- Шымкент: Жасұлан, 2014. - 165 с.
9. Березин И.С. Маркетингтік зерттеулер қолдану жөніндегі нұсқаулық. 3-ші басылым. және қосымша / И.С. Березин. - Люберцы: Юрайт, 2017. — 383 с.
10. Галицкий, Е. Б. Маркетингтік зерттеулер. теория және практика 2-ші басылым. жоғары оқу орындарына арналған оқулық / Е.Б. Галицкий, Е. г. Галицкая. - Люберцы: Юрайт, 2016. — 570 с.
11. Герасимов, Б. И. Нарықты маркетингтік зерттеу: Оқу құралы / Б. И. Герасимов, Н. Н. Мозгов. - М.: Форум, 2018. — 336 с.
12. «Зерде-Фито» компаниясы- <http://zerde.com.kz/>

УДК 615.014

Сейтмуханбетұлы М., Жалдыбаев Қ. К., Сәтін М. Қ.

Қазақстан-Ресей медицина университеті, Фармация кафедрасы. Алматы қ. Қазақстан

ДӘРІХАНА ҰЙЫМЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ БАҒЫТЫ ЖӘНЕ БЮДЖЕТТЕН БӨЛІНГЕН ҚАРАЖАТТЫ ИГЕРУ МАҚСАТЫНДА АТҚАРЫЛАТЫН ІС-ШАРАЛАР

Аңдатпа

Қазақстан Республикасындағы дәріхана ұйымдары халықты дәрілік заттармен және медициналық қызметтермен қамтамасыз етуде маңызды рөл атқарады. Алайда негізінен сауда үстеме базасына сүйенетін дәстүрлі қаржыландыру моделі өзінің тұрақтылығын жоғалта бастады. Шығындардың өсуі мен бюджеттік ресурстардың шектеулі жағдайында өзін-өзі қаржыландыру тетіктері мен мемлекеттік қаражатты тиімді игеру ерекше маңызға ие болуда. Бұл мақалада халықаралық тәжірибелер, отандық жағдай және Қазақстанның фармацевтикалық секторында аралас қаржыландыру модельдерін енгізу перспективалары қарастырылады..

Түйін сөздер: Дәріханалық қызмет, өзін-өзі қаржыландыру, бюджеттік қаражат, денсаулық сақтау экономикасы, фармацевтикалық нарық, Қазақстан Республикасы.

Сейтмуханбетұлы М., Жалдыбаев К. К., Сатин М. К.

КРМУ «Казахстанско-Российский медицинский университет», г. Алматы, Казахстан

НАПРАВЛЕНИЕ САМОФИНАНСИРОВАНИЯ АПТЕЧНОЙ ОРГАНИЗАЦИИ И МЕРОПРИЯТИЯ ПО ОСВОЕНИЮ СРЕДСТВ, ВЫДЕЛЕННЫХ ИЗ БЮДЖЕТА

Аннотация

Аптечные организации Республики Казахстан играют ключевую роль в обеспечении населения лекарственными средствами и медицинскими услугами. Однако традиционная модель финансирования, основанная преимущественно на торговой наценке, теряет устойчивость. В условиях роста затрат и ограниченности бюджетных ресурсов особое значение приобретают механизмы самофинансирования и эффективное освоение государственных средств. В данной статье рассмотрены международные практики, отечественный контекст и перспективы внедрения комбинированных моделей финансирования в фармацевтическом секторе Казахстана. Также предложен авторский метод повышения эффективности освоения бюджетных средств и укрепления системы самофинансирования.

Ключевые слова: Аптечная деятельность, самофинансирование, бюджетные средства, экономика здравоохранения, фармацевтический рынок, Республика Казахстан.

Seitmukhanbetuly M., Zhaldibaev K.K., Satin M.K.

Kazakh-Russian Medical University, Almaty, Kazakhstan

SELF-FINANCING STRATEGIES OF PHARMACY ORGANIZATIONS AND MEASURES FOR EFFECTIVE UTILIZATION OF BUDGETARY FUNDS

Abstract

Pharmacy organizations of the Republic of Kazakhstan play a key role in providing the population with medicines and medical services. However, the traditional financing model, based mainly on trade markups, is losing sustainability. Under the conditions of rising costs and limited budgetary resources, self-financing mechanisms and efficient utilization of state funds acquire particular importance. This article examines international practices, the domestic context, and the prospects for implementing combined financing models in Kazakhstan's pharmaceutical sector. In addition, an author's method is proposed to enhance the efficiency of budget fund utilization and to strengthen the system of self-financing.

Keywords: *Pharmaceutical activity, self-financing, budgetary funds, health economics, pharmaceutical market.*

Кіріспе. Қазақстанның фармацевтикалық нарығы- ұлттық денсаулық сақтау жүйесінің ажырамас бөлігі, ол халықты қажетті дәрілік заттармен және медициналық мақсаттағы бұйымдармен қамтамасыз етеді. Соңғы жылдары дәрі-дәрмектерге деген сұраныс, әсіресе созылмалы ауруларды емдеуде, артып келеді. Бұл құбылыс өмір сүру ұзақтығының артуымен және сырқаттанушылық құрылымының өзгеруімен байланысты. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыландыру жүйесіне түсетін жүктеме де өсіп отыр, ол «Тегін медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі» (ТМККК) және «Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру» (МӘМС) бағдарламалары арқылы іске асырылады[1]. Аталған бағдарламалар дәрі-дәрмектермен қамтамасыз етуге байланысты шығындардың бір бөлігін өтегенімен, халықтың өз қаражаты есебінен жабылатын шығындар үлесі әлі де жоғары болып отыр. OECD(Organisation for Economic Co-operation and Development) және басқа да аналитикалық деректерге сәйкес, халықтың дәрі-дәрмектерге тікелей шығындарының деңгейі айтарлықтай жоғары, бұл әлеуметтік тұрғыдан осал топтар үшін емнің қолжетімділігін төмендетеді.

Негізгі бөлім. Зерттеудің өзектілігі дәстүрлі табыс моделінің әлсіреуінде жатыр, себебі ол дәріханалардың ұзақ мерзімді тұрақтылығын қамтамасыз ете алмайды. Инфляциялық

процестер, фармацевтикалық субстанциялар мен тасымалдау қызметтерінің қымбаттауы, персоналдың жалақысының өсуі шығындардың артуына әкеліп соғады. Бұл дәріханаларды табыстың баламалы көздерін іздеуге итермелейді. Олардың қатарында ақылы қызметтердің ауқымын кеңейту, клиникалық бағдарламаларға қатысу, консультациялық сервистерді дамыту бар. Осылайша, мемлекеттік ресурстар мен өзін-өзі қаржыландыру тетіктерін үйлестіретін кешенді тәсілдің қажеттілігі туындайды[2].

Материалдар мен әдістер. Бұл зерттеу барысында халықаралық және отандық жарияланымдарды қамтитын ғылыми әдебиеттерге шолу жасалды. Негіз ретінде *Scopus*, *PubMed*, *ScienceDirect* базаларындағы мақалалар, сондай-ақ Қазақстанның фармацевтикалық нарығына арналған отандық журналдар мен талдамалық есептер алынды. Ерекше назар денсаулық сақтауды қаржыландыруға, фармацевтикалық сақтандыруға және мемлекеттік сатып алу жүйесіне арналған деректерге аударылды. Әр түрлі елдердің дәріханаларды қаржыландыру модельдеріндегі тәжірибелері (нәтиже үшін төлем, бекітілген төлемдер, мемлекеттік субсидиялар) қарастырылды. Талдауда салыстырмалы талдау, ақпаратты синтездеу және шетелдік тәжірибені қазақстандық жағдайға бейімдеу әдістері қолданылды[3.4].

Қосымша ретінде OECD және Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің статистикалық деректері пайдаланылды. Олар мемлекеттік және жеке шығындардың динамикасын көрсетеді. Дәріханаларды қаржыландыруда аралас тәсілдің қажеттілігін тексеру үшін жүйелік талдау әдісі қолданылды, ол бюджет игеру тиімділігі мен дәріханалардың тұрақтылығы арасындағы байланыстарды анықтауға мүмкіндік берді.

Халықаралық тәжірибе. Халықаралық практика дәріханаларды қаржыландырудың әртүрлі модельдерін көрсетеді:

- Fee-for-service - көрсетілген әрбір қызмет үшін төлем (вакцинация, консультация);
- Capitation және bundled payments- науқасқа немесе қызметтер кешеніне белгіленген төлем ;
- Performance-based payments - нәтижеге байланысты төлем (госпитализацияның азаюы, емге бейілділіктің артуы);
- Public funding - мемлекеттік субсидиялар мен бағдарламалар арқылы қаржыландыру [5].

Қазақстан жағдайында зерттеулер көрсеткендей, денсаулық сақтауды қаржыландыру мемлекеттік шығындардың жоғары үлесімен сипатталады, бірақ халықтың дәрілерге жұмсайтын тікелей шығындары айтарлықтай деңгейде сақталуда [6]. 2022 жылы Қазақстанда

шағын топтағы науқастардың рецептілік дәрі-дәрмектерге жұмсалатын шығындардың негізгі бөлігін құрайтыны анықталды, бұл қаражатты бөлу тетіктерін оңтайландыру қажеттігін көрсетеді. Сонымен қатар мемлекеттік қаржыландырудың артуына қарамастан, дәрі-дәрмекпен қамтамасыз ету жүйесінің әлсіздігі де айқын байқалады [7].

Маңызды бағыттардың бірі - фармацевтикалық сақтандыруды енгізу. Ол халықтың дәрі-дәрмекке қолжетімділігіндегі теңсіздікті азайтуға мүмкіндік береді [8.9]. Сонымен қатар ақылы консультациялық қызметтер мен созылмалы науқастарды мониторингтеу бағдарламаларын дамыту арқылы дәріханалар өзін-өзі қаржыландыруға мүмкіндік алып, мемлекеттік сатып алуға тәуелділігін азайтады.

Бюджеттің ашық игерілуі мемлекет пен қоғамның сенімін нығайтады, ал табысты ақылы сервистер мен мемлекеттік бағдарламаларға қатысу арқылы әртараптандыру дәріханалардың тұрақтылығын қамтамасыз етеді. Бюджеттік қаржыландыру мен өзін-өзі қаржыландыруды үйлестіру нарықтық өзгерістер жағдайында дәріханалардың икемділігін арттырады.

Анализ негізінде «Фармацевтикалық хаб» деп аталатын гибридті модельді енгізу ұсынылады[10]. Ол мыналарды қамтиды:

1. Дәріхана-консультациялық орталықтарды құру - дәріханалардың функционалы кеңейіп, скрининг, вакцинация, бастапқы медициналық кеңестер сияқты алдын алу қызметтерін ұсыну.
2. Цифрлық есептілік - бюджет қаражатын игеруді бақылауға арналған бірыңғай ақпараттық жүйені енгізу.
3. Бірлескен қаржыландыру бағдарламасы - мемлекеттік бағдарламалардан түскен кірістердің бір бөлігі өзін-өзі қаржыландыратын сервистерді дамытуға бағытталады (онлайн-консультациялар, дәрі-дәрмек жеткізу).
4. «Нәтиже үшін төлем» қағидасы - мемлекет дәріханаларға тек дәрі беру фактісі үшін емес, сонымен бірге емге бейілділікті жақсартқаны үшін төлем жасайды.

Қорытынды. Жүргізілген талдау Қазақстандағы дәріханалардың қаржылық моделінің трансформация жағдайында екенін растайды. Сауда үстеме бағасына тәуелділік жаңа тетіктермен толықтырылуы тиіс - өзін-өзі қаржыландыруды кеңейту және бюджет қаражатын тиімді игеру. Дәріханалардың дамуы бүкіл денсаулық сақтау жүйесінің тұрақтылығымен тікелей байланысты. Бюджетті ұтымды игеру ашықтық пен мемлекет тарапынан сенімді арттырады, ал табыс көздерін әртараптандыру дәріханалардың экономикалық негізін нығайтады.

Ең тиімді бағыт - мемлекеттік қолдауды және дәріхана ұйымдарының бастамаларын үйлестіретін аралас тәсіл. Ол үшін заңнаманы жетілдіру, дәріханаларды профилактикалық және клиникалық бағдарламаларға қатысуға ынталандыру, сондай-ақ сақтандыру механизмдерін дамыту қажет. Тек осы жағдайда ғана халықтың дәрі-дәрмекке қолжетімділігі мен дәріханалардың тұрақтылығы арасындағы тепе-теңдікке қол жеткізуге болады.

Әдебиеттер тізімі:

1. Urick, Ben & Pathak, Shweta & Hughes, Tamera & Ferreri, Stefanie. (2021). Design and effect of performance-based pharmacy payment models. Journal of Managed Care & Specialty Pharmacy. 27. 306-315. 10.18553/jmcp.2021.27.3.306.
2. Sanyal C, Husereau DR. Community-Based Services by Pharmacists: A Systematic Review of Cost-Utility Analyses. Value Health. 2019 Dec;22(12):1450-1457. doi: 10.1016/j.jval.2019.08.013. Epub 2019 Nov 4. PMID: 31806202.
3. Abu Assab, Mohammad & Hasan, Hisham & Alhamad, Hamza & Albahar, Fares & Alzayadneh, Abdallah & Abu Assab, Hanadi & Abu Dayyih, Wael & Zakareia, Zainab. (2024). Financial indicators utilization among community pharmacists: A comprehensive study for pharmacy management. PLOS ONE. 19. e0299798. 10.1371/journal.pone.0299798
4. Jalili R, Gilani N, Najafi B, Gordeev VS, Doshmangir L. Health financial resilience in individuals and households: a scoping review of components, strategies and outcomes. BMC Public Health. 2025 Sep 2;25(1):3021. doi: 10.1186/s12889-025-24467-5. PMID: 40898215; PMCID: PMC12403627.
5. Sansyzbayeva G., Iskenderova S., Rakhimova G. The main elements of health care financing of Kazakhstan (2016). KazNU Journal
6. Iskakova, Z.D. & Kapenova, A.Zh & Zenchenko, S.V.. (2025). The financial mechanism in the healthcare system of the republic of Kazakhstan. ECONOMIC Series of the Bulletin of the L.N.Gumilyov ENU. 179-193. 10.32523/2789-4320-2025-2-179-193.
7. Shaltynov A, Semenova Y, Abenova M, Baibussinova A, Jamedinova U, Myssayev A. An analysis of financial protection and financing incidence of out-of-pocket health expenditures in Kazakhstan from 2018 to 2021. Sci Rep. 2024 Apr 17;14(1):8869. doi: 10.1038/s41598-024-59742-9. PMID: 38632372; PMCID: PMC11024138.
8. Nazarbayev A, Nurbakyt A, Omirbayeva B, Akhmetzhan A, Kosherbayeva L. Characteristics of High-Cost Beneficiaries of Prescription Drugs in Kazakhstan: A Cross-Sectional Study of Outpatient Data from 2022. Clinicoecon Outcomes Res. 2024 Nov 13;16:827-837. doi:

10.2147/CEOR.S470632. PMID: 39559690; PMCID: PMC11572462.OECD. The health financing system in Kazakhstan | National Health Accounts (2018). OECD iLibrary

9. Volkova OA, Spankulova LS, Nuruly Y. [The pharmaceutical insurance as a mean to overcome to overcome inequality in access to health care of population in Kazakhstan]. Probl Sotsialnoi Gig Zdravookhranennii i Istori Med. 2023 Nov;31(6):1433-1438. Russian. doi: 10.32687/0869-866X-2023-31-6-1433-1438. PMID: 38142347.

10. https://sk-pharmacy.kz/eng/press-center/smi_o_nas/development-of-domestic-pharmaceutical-production-measures-of-government-support-and-prospects

УДК 004.8

Ажибаева-Купенова Д.Т., Алимова М.Н.

«Оңтүстік Қазақстан Медицина Академиясы» АҚ, Шымкент, Қазақстан

ЦИФРЛАНДЫРУ МЕН ЖАСАНДЫ ИНТЕЛЛЕКТТІ ДӘРІХАНА САЛАСЫНЫҢ САПАЛЫ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУІНЕ ЕНГІЗУ: ШЫМКЕНТ ҚАЛАСЫНДАҒЫ ДӘРІХАНАЛАРҒА SWOT-ТАЛДАУ

Аңдатпа

Қазіргі таңда денсаулық сақтау саласы адамзат өмірінің сапасын арттыруда шешуші рөл атқарып отыр. Бұл салада инновациялық технологиялардың қарқынды дамуы, соның ішінде цифрландыру мен жасанды интеллект (ЖИ) шешімдерінің енгізілуі дәрігерлік көмектің қолжетімділігі мен тиімділігін арттыруға зор мүмкіндік беруде. Бұл өзгерістер тек ауруханалар мен емханаларда ғана емес, сонымен қатар дәріхана жүйесінде де кеңінен орын алуда.

Дәріханалар — халыққа алғашқы медициналық-фармацевтикалық көмек көрсететін негізгі буындардың бірі. Сондықтан бұл салада сапалы қызмет көрсету — халық денсаулығына тікелей әсер ететін маңызды фактор. Цифрлық технологияларды, деректерді өңдеу мен сақтау жүйелерін, жасанды интеллект негізінде жұмыс істейтін алгоритмдерді дәріханаларға енгізу арқылы қызмет көрсету процесін жеделдету, қателіктерді азайту, дәрі-дәрмек қауіпсіздігін қамтамасыз ету, және пациентке бағытталған сервисті жақсарту мүмкін болып отыр.

Қазақстан Республикасы денсаулық сақтау саласын цифрландыруда қарқынды қадамдар жасап жатыр. "Цифрлық Қазақстан" мемлекеттік бағдарламасы аясында

денсаулық сақтау мекемелерін ақпараттандыру, электрондық денсаулық паспорттары, eGov арқылы қызметтер көрсету, және жасанды интеллект технологияларын енгізу бағытында айтарлықтай ілгерілеушілік бар.

Шымкент қаласы — еліміздің үшінші мегаполисі, халқы 1 миллионнан астам адамды құрайды. Соңғы жылдары қалада денсаулық сақтау нысандары мен дәріханалық инфрақұрылымдар белсенді дамып келеді. Бұл аймақтағы фармацевтикалық мекемелердің цифрлық трансформацияға көшуі – бүкіл Қазақстанға үлгі бола алатын мысал.

Шымкент қаласында бірқатар дәріханалар электрондық жүйелерді енгізіп, дәрі-дәрмек қорын автоматты түрде басқару, электронды рецепт қабылдау, онлайн кеңес беру, және тұтынушылармен кері байланыс орнату сияқты функцияларды пайдалана бастады. Кейбір ірі дәріхана желілерінде жасанды интеллект элементтері арқылы тұтынушы мінез-құлқын талдау, сатып алу тарихы негізінде ұсыныстар беру, және сұранысқа бейімделген қор басқару секілді мүмкіндіктер қарастырылған.

Осыған байланысты, Шымкент қаласындағы дәріхана саласында цифрландыру мен жасанды интеллект енгізудің күшті және әлсіз жақтары, мүмкіндіктері мен қауіптері (SWOT) туралы талдау ұсынамыз.

Түйін сөздер: жасанды интеллект, технология, цифрландыру, SWOT-талдау, дәріхана

Ажибаева-Купенова Д.Т., Алимова М.Н.

Южно-Казахстанская медицинская академия, г. Шымкент, Казахстан

ВНЕДРЕНИЕ ЦИФРОВИЗАЦИИ И ИСКУССТВЕННОГО ИНТЕЛЛЕКТА В ПРЕДОСТАВЛЕНИЕ КАЧЕСТВЕННЫХ УСЛУГ В ФАРМАЦЕВТИЧЕСКОЙ ОТРАСЛИ: SWOT-АНАЛИЗ АПТЕК Г. ШЫМКЕНТА

Аннотация

В настоящее время сфера здравоохранения играет важнейшую роль в повышении качества жизни человека. Стремительное развитие инновационных технологий в этой сфере, включая внедрение цифровизации и решений на основе искусственного интеллекта (ИИ), открывает широкие возможности для повышения доступности и эффективности медицинской помощи. Эти изменения происходят не только в больницах и поликлиниках, но и в системе аптечной сети. Аптеки являются одним из основных звеньев оказания первичной медицинской и фармацевтической помощи населению. Поэтому предоставление качественных услуг в этой сфере является важным фактором, напрямую влияющим на

